

**Мергентай Айгульдің**  
**«Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік жүктемелерін жетілдіру**  
**жолдарының ғылыми негіздемесі» атты диссертациялық жұмысына**  
**ғылыми кеңесшінің**  
**ШІКІРІ**

Мергентай Айгуль, 1982 жылы туған, қазақ, білімі жоғары, 2006 жылы Астана қаласы Қазақ мемлекеттік медицина академиясының (ҚММА) «медико-биологиялық ісі» мамандығы бойынша үздік аяқтаған. Академияны бітіргеннен кейін ҚММА микробиология және вирусология кафедрасында ассистент болып жұмыс істеді.

2008 - 2010 жылдар аралығында «Астана медицина университеті» АҚ 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша магистратурада оқыды. Оқуына аяқтағаннан кейін, 2010 жылдан бастап 2016 жылға дейін Астана қаласының Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығында Білім және ғылымды дамыту орталығының медициналық ғылым мен этиканы дамыту бөлімінің жетекші маманы ретінде жұмыс атқарған.

2016-2019 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша докторантураны аяқтады. Докторанттың диссертация жұмысының тақырыбы «Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік жүктемелерін жетілдіру жолдарының ғылыми негіздемесі».

Диссертациялық жұмыс барысында өзін оң жағынан көрсете білді. Докторант талапкер, ғылыми қызметкер ретінде көрсетіп, алға қойылған барлық міндеттерді жауапкершілікпен орындап және барлығын аяғына дейін жеткізе білді. Зерттеулерді жоғары және әдістемелік деңгейде жүргізді. Диссертациялық жұмыстың әр бөлігіндегі барлық материалдарын жинау және өңдеу жұмыстарын өзі жүргізді.

Зерттеу тақырыбы бойынша 19 ғылыми жұмысы жарияланған, олардың ішінде: 1 мақала Scopus мәліметтер базаларында индексирленген журналда, 3 мақала ҚР ҒБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынылған баспаларда; 1 мақала Ресейлік ғылыми дәйексөз алу индексі базасына кіретін журналында; 1 мақала халықаралық ғылыми жариялымда, 4 баяндама және басылымдар Қазақстандағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары мен жинақтарында жариялауында, 6 тезис шетелдік конференциялар материалдарында, сонымен қатар зияткерлік меншіктің 3 куәлігі алынған.

Мергентай Айгульді айтарлықтай ғылыми әлеуетке ие, жетілген ғалым деп санаймын және оның диссертациялық жұмысы PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді.

**Ғылыми кеңесші:**

**медицина ғылымдарының докторы,**

**Қоғамдық денсаулық, биомедицина**

**және фармацевтика мектебінің профессоры Д.Б. Кулов**

«18» 06 2020 жыл

